

ӘОЖ: 364.442.24

## **ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Нажарова Айгерім**

[zhanatovnai@mail.ru](mailto:zhanatovnai@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – А.И.Омарбекова

Қоғам үшін ең бастысы-тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі-заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамдағы ең басты құндылық-адам бостандығы. Адам және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау-конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты

міндеттердің бірі-бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленді.

Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көп жағдайда адамдар бұл туралы ашық айтпайды – әрине бұл қате. Өйткені, Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер қызметінің құқықтық негізін БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенци, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ішкі Істер органдары туралы» Заңы және басқа нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Бүгінгі күні отбасына қатысты мемлекеттік саясаттың бейнесі болатын оның қызмет аясы мен қорғауының құқықтық кепілдіктерін ұлғайтатын осындай қалыптағы заңдарды қабылдау қажеттілігі туды. Зорлық-зомбылықпен табысты күресу үшін бірінші кезекте осы мәселеге қоғамның көзқарасын өзгерту керек деп ойлаймыз.

Баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу-бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті.

Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 73 бабы бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылуы мүмкін[1], ал олардың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 109 (ұрып-соғу), 110 (қинау), 131 (қорлау) баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады[2].

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 4 бабына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық тек күш көрсету немесе психологиялық қана емес, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін [3]. Бұл заңнамада төмендегі мәселелерді қамтиды. Оларға:

1. Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

2. Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды өмірге, денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

3. Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

4. Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру[3].

Иә, қазіргі дамыған заманда, әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстары жүргізіліп жатыр. Зорлық-зомбылық туралы құқықта «Бір адамның екінші бір адамға,оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәні және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тән азабын шектірген зорлық-адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу,д енесіне зақым келтіру,тағы басқа.Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Осы кезекте мамандандырылған дағдарыс орталықтарының атқаратын жұмыстары орасан зор. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен тұлғаларға көмек

көрсетеді, консультативті-психологиялық және заңгерлік көмекті тегін ұсынып, қажет болған жағдайда жәбірленушілерді медициналық көмек көрсетілу үшін медициналық мекемелерге жібереді, уақытша баспана береді, осы ретте тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының толық қауіпсіздігі мен анонимділігін қамтамасыз етеді. Балалары бар әйелдер мамандандырылған дағдарыс орталығында бір айдан жарты жылға дейін бола алады. Әрине, бұл олардың отбасын ауыстыра алмайды, дегенмен де, қиын жағдайда қалған тұлғаларға орасан көмек болып табылады.

Сондай ақ, мамандандырылған дағдарыс орталықтарымен қатар, әлеуметтік қызметкерлердің жұмысында отбасына, оның құрамына, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне және т.б. диагностика жүргізу маңызды болып табылады. Мысал ретінде отбасын мынадай түрлерге жіктеуді ұсынамыз:

- балалар санына қарай: баласыз, аз балалы, көп балалы отбасы;
- құрамына қарай: толық емес, нуклеарлы, бірнеше ұрпақ отбасы, бұрынғы некеден балалары бар (баласы) екінші рет некеге отырған отбасы;
- құрылымына қарай: некеге отырған балалы немесе баласыз жұпты, ерлі-зайыптылардың бірінің ата-анасымен және басқа да туыстарымен тұратын отбасы, екі немесе одан да көп некелі балалы немесе баласыз жұпты отбасы, анасы бар (әкесі) балалы отбасы және т.б.;
- отбасындағы лидерлік құрылымы бойынша: эгалитарлы (демократиялық) және дәстүрлі (авторитарлы);

- отбасылық тұрмыс пен отбасылық салт бойынша: «көңіл жұбату» - отбасы, детоцентрлік типтегі отбасы, спорт командасына ұқсас отбасы, бірінші орынға жайлылық, денсаулық тәртіпті қоятын отбасы;

- білімі, кәсіптік және т.б. деңгейлеріне байланысты әлеуметтік құрамының сипатына қарай: әлеуметтік-гомогендік (бір тектес) және әлеуметтік-гетерогендік (біртектес емес).

Барлық жіктемелер сияқты жоғарыда келтірілгендер де шартты. Сонымен қатар, мұнда қазіргі жағдайлардағы отбасыларына тән материалдық (экономикалық) жағдайы – «кедейшіліктің алдынан» төмен тұрған отбасы, орташа ауқатты, «бай» отбасы және т.б., экономикалық мәртебе (ата-аналары жұмысы істейтін, жұмыссыз отбасы, зейнеткерлер отбасы) сияқты сипаттар жоқ. Ерлі-зайыптылардың этникалық сипаты да маңызды. Соған қарамастан, кез-келген жіктеме әлеуметтік қызметкердің алдында тұрған әрекет объектісіне терең әрі жан-жақты диагностика жасаудың бастамасы, негізі болып табылады. Осындай объектілердің біріне деген өзіндік ерекшеліктері, білімі бар жас отбасы болып табылады, оларды ескерту әлеуметтік жұмыстың тиімділігі үшін маңызды[4].

Заманауи берік отбасының қалыптасуына жағдай жасауды қоғамның әлеуметтік дағдарысқа ұшырауына жол бермейтін көпір деп білсек болады. Демек, отбасылық саясат саласында жетістікке жетеміз десек, бала тәрбиесіне аса көңіл бөліп, отбасы құндылығын жеке бастың қызығушылығынан жоғары қоя білу қажет.

Қазақ халқының дана сөзі бар: «Әйел адамға рухы әлсіз ер адам ғана қол көтереді». Бұл сөзді халық жазылмаған заң деп санап осы уақытқа дейін сақтап келеді, алайда өкінішке орай кейбір ер адамдар ұмытып кеткен сыңайлы. Қорытындылай келе: Зорлық-зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қарау, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қағау болмауы тиіс. Ол үшін отбасы құндылықтарын жоғары қою ең негізгі мәселе.

Отбасы құндылығы бала тәрбиесінен бастау алатындықтан, болашақ ұрпақтың дұрыс дамып-жетілуіне көп көңіл бөлу қажет. Заман талабына сай өмір сүруге тырысқан кейбір ата-ана жеке бас қызығушылығын алға қойып, көзге ілінбейтін қателіктерге жол беріп жатады. Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тек өздеріне ғана емес, кемел ұрпақтың дамуына да зиян келтіретініне назар аудару аса маңызды.

## Қолданған әдебиеттер тізім

1. Ашитов З.О. Ашитов Б.З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003.
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155-II Кодексі (2005 ж. 8 шілдеге берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
3. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. "Егемен Қазақстан" 2009 жыл, 12 желтоқсан N 416-418 (25815); "Казахстанская правда" от 12.12.2009 г., № 293 (26037).
4. Омарбекова А.И. Отбасы педагогикасы және психологиясы. Оқу құралы – Алматы: Эверо, 2018. – 272 б.